

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ



ТҮЙЕ БОЗДАЙДЫ, БОТАЛАЙДЫ.



ЖЫЛҚЫ КІСІНЕЙДІ, ҚҰЛЫНДАЙДЫ..



СИЫР МӨНРЕЙДІ, БҰЗАУЛАЙДЫ.



ҚОЙ МАҢЫРАЙДЫ, ҚОЗДАЙДЫ.



ЕШКІ МАҢЫРАЙДЫ, ЛАҚТАЙДЫ.



МАЛҒА ҚАЛАЙ ШАҚЫРУ САЛАДЫ?

**Биені –құраулап,
Түйені –көс-көстеп,
Сиырды аухаулап,
Ешкіні –шөрелеп
Шақыра аламыз,
Сауамыз , бағамыз.**

Төлді қалай шақырады?
Кой баласы –қоңырым,
Ұя бұзбас момыным,
Шопан ата түлігі—
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт, пұшайт!

Жүнін жұлса , бақырған,
Ешкі атасын шақырған,
Өрісте өскен жануар—
Шөкетайым, қайдасың?
Шөре, шөре!


Жолға шықсам, көлігім,
Жапанда жүрсем, серігім,
Қамбар ата өсірген –
Құлыным менің, қайдасың?
Кұрау, құрау!

Тілімен мұрнын жалаған,
Тілімен бойын тараған.
Көкке мұрнын шүйіріп,
Көз төңкеріп қараған.
Зеңгі баба өсірген
Әукешім менің, қайдасың№
Аухау,
Аухау!

ЖЫЛҚЫШЫ ата


Шаруаның бір пірі-
жылқышы ата,
Тілегенде өзің бер
ақтап бата.

Үйір-үйір жылқыны
щырқыратып,
Ойдан-қырдан
арқансыз әкеп мата.




ЗЕҢГІ баба

Шаруаның бір пірі-зеңгі
баба,
Сиыр берсең, сүтті бер
өңкей мама.
Кең өріске щұбыртып,
өзің бағып,
Кешке жауын қотанға
әкеп қама.



ОЙСЫЛ қара

*Шаруаның бір пірі-ойсыл
қара,
Түйені өсір жарқылдап
болсын пана.
Ит, құс, пәле, індеттен
аман сақтап,
Топ-топ қылып боталап ару
ана.*



ШОПАН ата



Малды берсең, қойды бер,

Ұлды берсең, бойлы бер.

Жұртқа ақыл салғандай,

Ақылы артық ойды бер.